



Бекітемін:
«Алақай» бөбекжай-балабақшасының
менгерушісі А.А. Қуаңшалына
Хаттама №

«11» мамыр 2020ж

«Ертегілер елінде» вариативтік компоненті (Ортаңғы топ)

Тәрбиешілер:

Жеңіс Рита

Қосанқызы Мөлдір

2020-2021 оқу жылы

Түсінік хат

Бағдарлама «Ертегі әлемі» мектепке дейінгі жастағы баланың таным шығармашылық, есте сақтау қабілеттері мен ойлауын, қиялын дамытуға, сонымен қатар тілдік қорын молайтып, өз ойларын толық жеткізе білуге деген құлшынысын арттыруға, оқылған шығарманы әңгімелеуге, ертегі кейіпкерлерін рөлдерге бөліп сомдауға, диалогтық сөздерді мәнеріне келтіре айтуға, өз сөзін, ойын дұрыс, еркін жеткізе білу мен байланыстыра сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналып жасалынды. Балалар өз-өзін ұстай білу мәдениетіне, туыстық, достық, жолдастық қарым-қатынастарға, табиғатты, қоршаған ортаны сақтауға, адамдардың, жануарлардың жақсы мен жаман қылықтарын ажырата білуге, адамгершілікке, әдептілікке, әдемілікке тәрбиелеуде, олардың ой-өрісін, санасын, мінез-құлқын қалыптастыруға тиімді әсер етеді. Осы бағдарлама балалардың салт-дәстүрлерді тереңірек үйренуіне, өз еліне, халқына деген сүйіспеншілік сезімдерінің оянуына, қазақ халқының ертегі, аңыздарына деген қызығушылықтары артып, ертегілерді рөлге бөліп сомдау мен сахналық қойылымдарға қатысуына жол ашады. Айтылған, оқылған ертегіні зейін қойып тыңдап, мазмұнын қайталап, әңгімелеп, айтып беру арқылы грамматикалық дұрыс байланыстырып сөйлеуге үйретіледі. Ертегі мазмұнын қайта жаңғырту, ондағы кейіпкерлерді сынау, сипаттау, сұраққа жауап беру әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, сөйлем құрау, шығармашылықпен қысқаша әңгіме құрастыру арқылы баланың сөздік қоры молайып, сөз мәдениеті, тілі дамытылады. Балалардың ертегілерге қызығушылықтарын шыңдау, жалықтырып алмау үшін, ертегі желісі бойынша салынған суреттер, атрибуттар пайдалынады. Ауыз әдебиеті үлгілері: ертегі, әңгіме, өлең шумақтары, мақал-мәтелдер мен жұмбақтар баланың жас ерекшелігіне сәйкес іріктеліп алынды. Бағдарлама 32 сағатқа жоспарланған. Үш әдеби жанрдың ерекшеліктерімен таныстыру: ертегі, әңгіме, тақпақ. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ертегілер, мақал-мәтел, жұмбақтар бізде қазір жеткілікті және болашақ ұрпаққа жан-жақты берер тәрбиесі көп деуге болады.

Мақсаты:

Ертегі түрін балаларға түсіндіру, арқылы көркем шығармашылық ойын, қиялын дамыту, балаларды ұқыптылыққа, тапқырлыққа, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.

Міндеті

:Ертегі кітаптар оқуға дағдыландыру. Ертегі оқып беру арқылы ой – өрісін, зейінін, қызығушылықтарын арттыру, Жұмбақ, өлең, әңгімелерді тыңдай білуге, тыңдағанын жүйелі, нақты жеткізуге баулу,

- Ертегілер әлемінде өткен өмірмен байланыстырып, басқа ертегілермен салыстыра отырып, патриоттық сезімдерін қалыптастыру.
- Балалардың арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту.
- Балалардың дарындық қасиеттеріне жол ашу.

«Ертегілер елінде» оқу қызметтінің перспективтік жоспары.

Ортаңғы тобы

р/с	Тақырыптар	Сағат
	Еңбекке баулу туралы ертегілер.	
1	Жалқау мысық	1
2	Асыл дәрі	1
3	Жалқаудың жазасы. Р.Шотбаева	1
4	Жалқаудың жазасы. Р.Шотбаева /Сахналау/	1
5	Шегіртке мен құмырсқа	1
6	Шегіртке мен құмырсқа /Сұрақ-жауап/	1
7	«Шалқан» орыс ертегісі	1
8	«Шалқан» орыс ертегісі /Сахналау/	1
9	Кім күшті?	1
10	Кім күшті? / Сұрақ – жауап/	1
11	Құмырсқаның қанағаты	1
12	Құмырсқаның қанағаты /Сахналау/	1
	Хайуанттар туралы ертегілер	
13	Лақтар мен қасқыр	1
14	Лақтар мен қасқыр /Сахналау/	1
15	Түлкі мен ешкі	1
16	Арыстан мен тышқан	1
17	Қызыл телпек	1
18	Түлкі мен бөдене	1
19	Бауырсақ	1
20	Бауырсақ /Сахналау/	1
	Батырлық пен ақылдылық туралы	
21	Түлкі, тасбақа мен кене	1
22	Түлкі, тасбақа мен кене /Сұрақ – жауап/	1
23	Қарлығаштың құйрығы неге айыр?	1
24	Қасқырдың айласы	1
25	Арыстан мен тышқан	1
26	Айлакер қоян	1
27	Түлкі мен тырна	1
	Алдар Көсе мен Қожанасыр хикаялары.	
28	Қожанасыр мен көрші	1
29	Айлакер бала	1
30	Қожанасыр мен бай	1
31	Қожанасыр мен бай /Сахналау/	1
32	Алдар көсе мен Шықбермес Шығайбай	1
	Барлығы:	32

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Хрестоматия . Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту дың жалпы білім беретін «Мектеп қарсаңында» оқу-әдістемелік кешені. С.Н.Жиенбаева, А.М.Текесбаева. Ғ.З.Таубаева.
Арман-ПВ
2. Мен оқимын, ойлаймын, ойнаймын! 2-кітап Р.Б.Нұртазина.
А.Д.Сейсенова
Арман-ПВ Астана-2003 128 бет
3. Тіл дамытудың ғажайып әлемі. Мектепалды сыныптары мен топтарына арналған оқу құралы.
Д.З. Жүсіпова, Ф.Қ.Исхакова, Т.Ж. Омарғалиева, Б.Ж.Ноғайбекова
Аруна баспасы
4. Қазақ халық ертегілері. Сырсандық.
К. Дүйсенбі. Б. Оспанов. Қ. Байғабылова.
Аруна баспасы.
5. Балақай – балаларға арналған қазақ ертегілері.
Ә. Құрысшанова. Ә. Жәңгіров.
Аруна баспасы.
6. Қазақ мақал-мәтелдері.Құрсат. Ж. Малайсарин.
Алматы. «Ана тілі» баспасы
- 7 .Жануарлар туралы ертегілер. Алматы «Аруна» баспасы.
8. Қазақ ертегілері
- 9 Энциклопедия 7-том
- 10.Сөз мәйегі «Қазақ энциклопедиясы» 2007 ж